



**Коммерциялық емес
акционерлік
қоғам**

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақ және орыс тілдері
кафедрасы

ҚАЗАҚ ТІЛІ

барлық бағыттағы студенттерге арналған өздік тапсырмалар топтамасы

Алматы 2014

Құрастырушы: Әлмұхаметова Г.С., Ахметова Э.Т. Барлық бағыттағы студенттерге арналған өздік тапсырмалар топтамасы. Алматы: АЭЖБУ, 2014. - 34 б.

Студенттердің өздік жұмысы жоғары оқу орындарындағы білім үрдісінің бөлінбес бір бөлігі екені белгілі, өйткені жоғары оқу орындарының негізгі міндеті өз бетінше білім алуға, алған білімін өз бетінше дамытуға бейім шығармашыл мамандарды қалыптастыруға бағытталып отыр.

Бұл әдістемелік көрсеткішті жазу барысында дәрісханадан тыс өздік жұмыстар (СӨЖ) студенттерден көп ізденуді қажет ететінін ескердік. Әдістемелік көрсеткіште берілген өздік жұмыстардың түрлері, көлемі мен мақсаты типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған жұмыс бағдарламасында қарастырылған. Біздіңше, әдістемелік көрсеткішке топтастырылған бұл жұмыстар студенттің іздену қабілетін ұштайды, білімін толықтыру мақсатында тер төгуді қажет етеді. Мұндай шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі деген сенімдеміз.

Әдеб. көрсеткіші – 5 атау.

Пікір беруші: аға оқытушы К.Б.Альмуратова

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2014 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2014 ж.

Алғы сөз

Бүгінде жоғары оқу орындарында, әсіресе техникалық жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту сапасының деңгейін көтеруге, кәсіби тілді меңгеруге байланысты жұмыстар жүргізу күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығында оқитын студенттерге арналған. Әдістемелік нұсқаулықты жазудағы басты мақсат – мемлекеттік тілді кәсіби бағдарлы үйрету арқылы техникалық терминдердің мағынасын түсіндіріп меңгерту және оларды қолдану дағдысын қалыптастыру. Әдістемелік нұсқаулықта мамандыққа қатысты терминдердің жасалу жолдары, терминдердің мағынасын түсіндіруге септігін тигізетін тапсырмалар, кәсіби сала мәтіндері берілген. Сөздіктермен, салалық сөздіктермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, лексикалық, синтаксистік оралымдарды танып, дұрыс аудару білу дағдыларын меңгерту, техникалық мәтіндерді қазақшадан орысшаға және орысшадан қазақшаға аудару тәсілдерін нақты мәтіндер үлгісін қолдана отырып игертудің тиімді жақтары қарастырылды. Әдістемелік көрсеткіште берілген материалдар студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертуге септігін тигізеді деген ойдамыз.

СӨЖ тапсырмалары және СӨЖ-ді орындауға қойылатын талаптар

№1 СӨЖ (жазбаша орындалады)

Тақырыбы: «Бүгінгі студент, ертеңгі маман – еліміздің болашағы».

Жұмыс түрі: эссе жазу.

Мақсаты: ұсынылған тақырып бойынша ақпарат көздерін (оқулықтар, ғылыми әдебиеттер, Интернет) пайдалана отырып, жан-жақты іздену нәтижесінде өз түсінігін жазбаша баяндап беру дағдысын қалыптастыру.

Қойылатын талаптар:

- жұмысты А 4 форматында 14 шрифтпен басу;

- жұмыс мерзімінде өткізілуі керек.

Жұмыстың мерзімі: кесте бойынша

Жұмыстың орындалу барысы: студент ұсынылған тақырып шеңберінде өз ойын эссе түрінде мазмұндап жазады. Эссе туралы, оған қойылатын талаптар төменде көрсетілген.

Эссе- франц. «essay», ағылш. «assay»- байқау, көру, очерк; латынша «exagium» - салыстыру, өлшеу деген мағынаны білдіреді. Эссе жанрын ашқан М.Монтень болып табылады. Ол шағын көлемдегі проза түріндегі еркін композиция. Қандай да бір мәселені еркін түрде жазу, сын және публицистика жанры. Эссе нақты тақырып бойынша жеке әсері мен ой толғанысын бейнелейді. Эссе - жаңа, бір нәрсе туралы әдемі боялған сөз және философиялық, тарихи- биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми тұрғыда жазылады.

Эссенің мақсаты- өз бетінше автордың шығармашылық ойлау дағдысын жетілдіру.

Эссе жазу пайдалы, себебі ол автордың өз ойын нақты және сауатты тұжырымдауына көмектеседі

Эссе қойылған мәселенің нақты мазмұнын көрсетеді. Онда өз бетінше жүргізілген талдаулар жазылуы тиіс.

Эссенің мақсаты- адамды ой толғауға итермелеу. Эссе тақырыбында мәселені ойлау төңірегіндегі сұрақтар болуы тиіс.

Эссе құрылымы

1) Титул беті.

2) Кіріспе – берілген тақырыпты негіздеу, ол логикалық және және стилистикалық байланысқан компоненттер қатарынан тұрады. Бұл кезеңде өз зерттеуі барысында ашқалы отырған тақырыпқа қойылатын сұрақты дұрыс қою керек. «Кіріспе жазу барысында аталған тақырыпқа анықтама беру керек пе?», «Мен алған тақырып неліктен маңызды?», «Менің тұжырымдауымда қандай түсініктер қолданылуы мүмкін?», «Мен тақырыпты кішкене тақырыпшаларға бөле аламын ба?», т.с.с. сұрақтарға жауап іздеген жөн.

1) Негізгі бөлім. Тақырыптың теориялық негізі мен сұрақтың мазмұнын жазу. Мұнда эссенің негізгі мазмұны жазылады және ол біраз қиындық тудырады. Сондықтан негізгі бөлімді шағын тақырыпшаларға бөлуге болады. Әр тақырыпшаларды дәлелді түрде тұжырымдау негізгі сұраққа жауап беруге көмектеседі.

2) Қорытынды бөлім. Эссенің қорытынды бөлімінде негізгі бөлімде айтылған сұрақтың мәнін бекітеді және мазмұнының маңыздылығын ашады. Қорытынды бөлімінде қолданылатын әдістер: қайталау, иллюстрация, цитата, әсер беретін тұжырым.

Төменде берілген эссе үлгілерімен танысыңыз.

Өмірді таңда

Өмір – адамға бір - ақ рет берілетін баға жетпес қымбат сый. Осындай сыйды бізге сыйлаған кім? Әрине, саған осындай баға жетпес сый сыйлаған ең қымбат адамдарың ата-анаң. Егер саған анаң осындай баға жетпес сый сыйласа, сен соған лайықты өмір сүруге тиіссің. Адамдар, негізінен, бұл өмірге қонақ. Соны түсініп, сезіне білген адам өмірдің шын рахатын сезінеді. Өмірдегі түрлі оқиғаларда саған сүйеу болатын, сүрінгенде демейтін досың болғаны дұрыс. Жақсы досы бар адам түзу жолдан таймайды.

Өмір-өзен ағып жатыр, тынбайды, Өмір болмас қасіретсіз, мұң қайғы,- деп қазақ халқы өмірді ағып жатқан өзенге теңейді. Өйткені өмір өзен тәрізді тоқтаусыз, ешкімге білдірмей өтіп жатады. Сол өзен ағынында кейбір жан өз арнасын тауып жатса, енді кейбіреулері бастарын тасқа да, жарға да ұрып, өз жолын таба алмай жатады. Соңғысы, әрине, өкінішті - ақ.

Өмір деген менің түсінігім бойынша алланың бізге берген сынағы. Қандай жағдай болмасын ақыл - ойымызбен, сабырлылығымызбен жеңе білуіміз керек.

Қоғамда болып жатқан жаман әдеттерге кінәлі - өзіміз. Осындай жат, жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстап, төзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білуіміз керек. Болашағымыз нұрлы, еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, ел болып, халық болып болашағымызды, ұлтымызды, тегімізді жоғалтып алмау үшін нашақорлық, спирттік ішімдік, темекіден бойымызды аулақ ұстап, қоғамымыздың бұл түнектен арылуының жолын іздеп, салауатты өмір салтын ұстанайық, достарым! Дені сау, жан - жақты дамыған, жаны сұлу адам ғана мәнді де салауатты ғұмыр кешеді.

Менің арманым

Армансыз адам – қанатсыз құспен тең. Әр адамның жан дүниесінде тамыр жайған арманы бар. Ол арман – адаммен бірге өседі, өркендейді. Дәл солай, менің де балалық шағымның үлкен бір арманы бар, ол – журналист болу.

Бала күндерімнен бастап, ойымдағының бәрін қаламның ұшымен ақ парақ бетіне түсірдім, көп кітап оқыдым. Теледидарда сөйлеп жатқан аға-әпкелерімнен үлгі алып, олардың сөйлеу мәнеріне ғашық болдым. Есейе келе, бұл арман – алға қойған мақсатыма айналды.

Журналист – қарапайым халық пен жоғарғы билік арасындағы көпір секілді. Тек шындықты айтатын, тек шындықты жақтайтын адам ғана журналист бола алады. Ол – сөзге шешен, ұтқыр ойлы, жан дүниесі әсем, кез-келген адаммен сөз табыса алатын, қарапайым, білімді адам.

Мен де, жоғарғы білім алып, халқыма қызмет еткім келеді. Ащы болса да, шындықты жақтайтын, шындық үшін күресе білетін, өз ісінің маманы болғым келеді!

Кім біледі, менің бүгінгі арманым – ертеңгі болашағым болар?! Бүгінгі қиялымдағы ойым – ертеңгі күнімнің еңбекпен тауып жейтін азығым болар?! Мен бұл арманымды міндетті түрде орындаймын!

Менің педагогикалық ұстанымым

Ұстаз болу - жүректің батырлығы, ұстаз болу - сезімнің ақындығы, Ұстаз болу- мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның алтындығы. Еліміздегі өзгерістер мен білім беру жүйесінде болып жатқан жаңалықтар «мектептің жүрегі» деп орыны айшықталған мұғалімдер алдына жауапты да маңызды міндет қойып отыр.

Абай атамыз: «бала тәрбиесіне 3 жақ әсер етеді, ата- анасы, ұстазы, және жүрген ортасы. Қайсысының ықпалы зор болса, баланың мінезі солай қалыптасады.»деген ойы ұстазға да ауыр салмақ салып тұр. Себебі баланың үш мезгілі ұстазбен өтеді. ХХІ ғасырға оқушыларды қалай даярлаймыз, қалай оқытамыз, білімді қалай береміз, міне, осы сұрақтар мұғалімді күнде мазалап жүруі керек.

Мектептегі оқушыларға сапалы білім беру нәтижесі мұғалімнің ұстанымына байланысты. Ұстаным дегеніміз не? («Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс- әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны жеке тұлғаның негізгі құндылығы есебінде атап көрсетеді. Менің педагогикалық ұстанымым оқушыларға әділ болып, олардың білім сапасын көтеру болып табылады. Әрине, тек өз пәнінді жақсы білетін маман болу аз, оқушылардың жанын түсінетін адал, шыншыл тәрбиеші болу да қажет. Шәкірттеріміз мектепте алған білімін қоғамда қолдана білсе, нұр үстіне нұр емес пе?! Алдымызда мөлдіреп отырған бүгінгі оқушылар, ертеңгі қоғамның мүшелері. Бірі- дәрігер, бірі- экономист, бірі- тілші болып, ұлы Абайдың сөзімен айтқанда, қоғамда кірпіш болып қаланады. ХХІ ғасырда жаңа технологиялар көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқанда, оқушыларымыз да сол технологияларды үздік игеретін, заман талабына сай шәкірттерге білім беруіміз керек. Сондықтан да мұғалім мамандығына талап жоғары болады. Әр адам әлпештеп өсірген ұл мен қызын мектепке жетектеп әкеліп, мұғалімге зор сенім артады. Қарапайым сөйлеу тілін игеріп келген балаға әдебиетіміздің қайнар бұлағы - сөз әлемінің сиқырлы тілін үйретемін.

Қазақ халқының асыл қазынасы- бай салт- дәстүрімен, рухани байлығымен, шешендік сөздерімен таныстырамын.

Қазақтың бас ақыны Абайдың әлеміне, сөз шебері – Ғабит Мүсіреповтің шығармаларына саяхат жасаймын. Жазықсыз қиянат көріп, халқы үшін бозторғайдай шырылдап өткен Ахмет, Міржақып, Мағжандардың өмірімен таныстырамын. Қазақ халқының тілі мен әдебиетін ұрпаққа үйрету -мен үшін тіл жеткізбес бақыт. Мен үшін даңқ та, ақша да маңызды емес, шәкірт тәрбиелеу, сөзімді бағалайтын ұрпақ болса - сол маңызды. Қорытындылай келе, Ұстаз бақыты- білімді ұрпақта, абыройлы еңбекте дер едім. «Шәкіртсіз - ұстаз тұл» - демекші, оқушыларым бар да, мен де бармын.

№2 СӨЖ (ауызша орындалады)

Тақырыбы: «Қоғам және жастар».

Мақсаты: Ұсынылған мәтінді оқып, ондағы негізгі ойды түсіну арқылы мәтінді ауызша баяндап беру дағдысын қалыптастыру.

№2 СӨЖ - оқытушы ұсынған мәтінді мазмұндау, мәтінді қазақ тілінде оқу дағдыларын қалыптастыру және бекіту мақсатында студенттер міндетті түрде түсіндірме және терминологиялық сөздіктермен жұмыс жасауы қажет. №2 СӨЖ -ді ауызша орындау және тапсыру үшін оқу семестрінің 1 айы беріледі. Әр студентке тапсырманы оқытушы нұсқа бойынша жеке-жеке таратып береді. Мәтін СӨЖ тақырыбы аясында болады.

Жұмыстың мерзімі: кесте бойынша.

Қойылатын талаптар:

- мәтінге сөздік түзу;
- оқылған мәтіннен негізгі ақпаратты таба білу;
- мәтінге жоспар құру (мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу);
- берілген мәтінге өз көзқарасын білдіріп, мәтінді толықтырып мазмұндау.

Ескерту - әр оқытушы студенттің білім деңгейін ескере отырып, мәтіндерді өзгертіп немесе толықтырып беруге ерікті. Студенттерге ұсынылатын мәтіндер төменде көрсетілген:

Жастардың жайы ойланады

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес, атқарушы органдардың алдына қойылған стратегиялық бағыттарының бірі – мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында да жастар саясаты мен мәселесіне көбірек көңіл бөлу, әсіресе ауыл жастарының жағдайын қарастыру айрықша аталып өтілген.

Ел Президентінің маңызды саясатының арқасында Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап жастар саясаты еліміздің басты артықшылықтарының біріне айналды.

Бүгінгі таңда еліміздегі азаматтық қоғамның дербес, белсенді және жауапкершілігі мол бөлшегінің бірі - жастар. Ел аумағында мың екі жүзге жуық жастар ұйымы жұмыс жасап, мемлекет қолдауы арқылы жыл сайын 50 мыңнан астам жастарға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда әлемнің көптеген дамыған елдерінде экономикалық дағдарыс өрістеп, миллиондаған жастар өмірден өз орнын таппай, жұмыссыз қалуда. Қазақстанда Елбасының бастамасымен жалпы ұлттық: «Ауыл жастары», «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі» және «Жасыл ел» сынды жастардың жобалары жұмыс жасауда. Жыл сайын ЖОО мен колледждерді бітірген мыңдаған жас мамандар жалақысы жоғары, сенімді жұмыс орнымен қамтамасыз етіліп отыр.

Мемлекеттің сабырлы, көрегендікпен атқарып отырған оң қадамдарының нәтижесін мыңдаған жас қазақстандықтар сезінуде. Еліміздің жастары еліне қажет екенін үнемі сезініп, өзінің батыл ойы мен армандарын белсенді жүзеге асыруда. Біз еліміздің жастар ұйымдарының өкілдері ел Президентіне осы қамқорлығы үшін дән ризамыз!

Қазақстанның жастар қозғалысы Елбасының жастарға арналған жаңа әлеуметтік сатысын қалыптастыру бастамасын қызу қолдады. Жұмысқа қабылдау кезіндегі әділдік пен кез келген жас дарынды қазақстандық мүмкіндіктерінің тең болуын қамтамасыз етіп, өз білімдері мен тәжірибесін Отанымыздың игілігіне жұмсауға мүмкіндік береді.

Елімізде кадрларды даярлау жүйесі енгізіліп жатыр. Бұл қоғам алдында тұрған ірі мәселе қазақстандық компаниялардың білікті кадрларды қажет етуінде, ол жоғары оқу орындарының жұмыс орындарына деген қажеттілігіне жауап береді. Аталған жүйе жастарға кәсіби біліктіліктерін арттыруға және оларды жұмыспен қамтуға қосымша мүмкіндіктер ашады.

Жүйелі бағытталған мемлекеттік саясат арқылы мемлекеттік органдар мен жастар, жастар ұйымдары мен қозғалыстар арасындағы қарым-қатынас тетіктері жетілдіріліп келеді. Білім және ғылым министрлігі құрамында Жастар саясаты жөніндегі комитеттің, ал аймақтарда, сәйкесінше, басқармалардың құрылуы еліміздің әр өңірінде барлық деңгейде жастардың жедел және тиімді жобалары мен бастамаларының жүзеге асырылуына ықпал етеді. Бұл - жастарға одан әрі жаңа мүмкіндіктер ашылады деген сөз.

Елбасының жастар мәселесін үнемі назарда ұстауының нәтижесінде бүгінде бізге барлық есіктің ашық екендігін сеніммен айта аламыз! Біз үшін білім алуға және жұмыс жасауға барлық жағдайлар жасалған.

Біздер, Қазақстанның белді жастар ұйымдары, еліміздің табысты дамуына және Қазақстанның серпінді болашаққа аяқ басуына күш-қуатымызды жұмсайтынымызды мәлімдейміз!

Жастар – қоғамның айнасы

Жалпы қандай елде болса да оның азаматтарының, оның ішінде жастардың қоғам өміріне белсене араласқаны жақсы құбылыс. Билік жастарға қоғамның маңызды мәселелерін шешетін белсенді деп қана емес, сонымен бірге ертеңгі күні елдің тұтқасын ұстайтын буын деп қарау керек. Жастар – ертеңгі қоғамның айнасы. Оларға қарап ертеңгі қоғамның қандай болатынын болжаймыз.

Бізде осы уақытқа дейін жастардың мәселелеріне дер кезінде зейін қоймауды, оған немқұрайлы қарауды әдетке айналдырып алған. Билік пен аға буын осы мәселелерді реттейді деп күте-күте жалыққан жастар, енді ол мәселелерді талап етіп қойып, өздері шешуге кірісуде. Бұл жастардың сана-сезімдерінің оянғанын көрсетеді. Егер біз қазір жастарға қандай тәрбие беріліп жатқанын білсек, онда жүз ұрпақтан кейін ұлттың қандай болатынын айтуға болады. Ағылшындар: «Тәрбие сәби дүниеге келгенге дейін жүз жыл бұрын басталады» дейді. Яғни, ол – ұлттың ана тілі, дәстүрі, мәдениеті және тарихы. Біз осыған берік болып, оны ұлттық тәрбиенің негізі қылсақ, ұлт болашағына сеніммен қарауға болады. Ата-ана мен ұстаздардың міндеті – жастардың санасына Ана тіл, Атамекеннің қадірін біліп, оған қорған бола алатын білімді-білікті ұрпақ тәрбиелеу.

Қоғамды дамытуда қазіргі жастар, болашақ елге тұтқа болатын буынның алдында қандай міндеттер тұр деген сұрақ туындаса оған былай деп жауап беруге болады:

– Халқының жартысы ауылдық жерде тұратын ел индустриалдық, өркениетті қоғам бола алмайды. Сондықтан қазіргі жастардың болашағы қалада және олар өз бақтарын қаладан, таусылмайтын байлық – білім, ғылым, өнер, техникадан іздеуі керек. Сонда ғана олар халқымызды жаһандық өркениеттің көшбасына шығара алады. Сұлтанмахмұтша айтқанда: «биікке өрмелеп шығып, халқына күн бола алады», және оған екінің бірі емес, бойында асқақ арман, биік мақсат, терең білім, қайсар мінез, ұлы мұрат барлары ғана жете алады.

Еліміздегі жастар саясаты және жастарды әлеуметтендіру жолдары

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген халықтың нақыл сөзі бар. Біздің ата-бабаларымыз жастар тәрбиесіне, олардың дұрыс қалыптасуына, азаматтық ұстанымына көп көңіл бөлген, соның нәтижесінде қазақ жерінде Отанын шексіз сүйіп, елі мен жері үшін жанын құрбан еткен азаматтарымызды тарихтан білеміз. Сол азаматтарымыздың арқасында қазақ елі мен жері сақталып қалды, мәдениетіміз бен ата салт-дәстүріміз бізге жетті, еліміз егемендігін алды. Бүгінгі таңда да мемлекет тарапынан жастар мәселесіне көп көңіл бөлу қажеттігі жалпы мемлекеттік саясат артықшылықтарының бірі ретінде қарастырылып, маңызды орынға ие болып отыр.

Жастар саясаты мен жастарды әлеуметтендіру мәселелерімен айналысу маңыздылығы жастардың қоғам өміріндегі алатын орнымен айқындалып, бүгінгі күннің өмір талабынан туындап отырған қажеттілік болып табылады.

Жастар қоғам өміріндегі болып жатқан әлеуметтік, мәдени және экономикалық өзгерістерге толыққанды қатысқанда ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Жастар саясаты мен мәселелеріне көңіл бөлмеген мемлекеттің келешегі жоқ. Өмірге деген көзқарасы толық қалыптасып үлгермеген жастар кез-келген дағдарыс немесе қоғамның өтпелі кезеңі тұсында ішкі күйзеліс, ұлттың рухани байлығының азып-тозуына жол ашады екен.

Жастар сөзінің мағынасына ғылыми тұрғыдан берілген түсінікке жүгінсек, жастар дегеніміз аға буын өмірі мен келешектегі өзгерістерге бейімделу мен қоғамдық кәметтік қалыптасу кезеңін басынан кешіріп отырған қоғамдық-демографиялық топ болып саналады екен. Жастардың жас мөлшері шекарасы ауытқымалы болып, ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму, мәдени және өмір сүру жағдайларына байланысты болады.

Қорыта айтқанда, жастар арасындағы позитивтік бағыттарды одан әрі нығайтып, келеңсіз тұстарын жою үшін мемлекеттік жастар саясаты, жастарды әлеуметтіндіру азаматтық ұсыныстарды жүзеге асыруға және қолдауға бағытталып, жастардың саяси, әлеуметтік және экономикалық салаларға қатысу құқығын кеңейтуді, экономикалық-әлеуметтік мәселелер бойынша шешім қабылдауға жастарды қамтуды, олардың шығармашылық қабілеттері мен белсенділігін арттыруды көздеуі тиіс

ҚР жастарының құндылықтары

Жастардың пікірлерін зерттеу, жастар саясатының үрдісіне, жастардың бүгінгі таңдағы құндылықтарына және қазіргі жай-күйіне уақытылы мониторинг жүргізу мемлекет үшін өте маңызды. Бұл мақсатта Қазақстан Республикасындағы жастар саясатының іске асырылуын зерделеу жөніндегі бірқатар социологиялық және талдамалы зерттеулер жүргізілуі аса маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жеткілікті нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз етілген. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы бекітіліп, 2004 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң қабылданды. Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасын дамытудың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында, басқа да маңызды стратегиялық құжаттарда жастар саясатына арнайы бөлім арналған. Білім және ғылым министрлігінің құрылымында, Жастар саясаты департаменті жұмыс істеуде.

Соңғы жылдары мемлекетімізде жастармен белсенді түрде жұмыстар жүргізілуде – жастардың жаңа қоғамдық бірлестіктері құрылды, сонымен қатар облыс аудандарында әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстары атқарылды, жыл сайын жастар форумдарын, кәсіптік конкурстар, фестивальдар, отансүйгіштер шеруін өткізу дәстүрге айналды, жастарды әлеуметтік қорғаудың әртүрлі нысандары енгізіліп отыр. Алайда, қазіргі таңдағы

қоғамдағы беталыс, қоғам мен мемлекет тарапынан жас ұрпақтың қалыптасуы мен тәрбиеленуі проблемаларына ерекше назар аударылуы мемлекеттегі жастар саясатын жүзеге асырудың жаңа сапалы тәсілдерін әзірлеуді қажет етеді. Осы ретте, жастар саясаты бүгінгі күні жас ұрпақтың қоғамдық өмірге әлеуметтік кірігуінің бірден-бір мүмкін боларлық тетігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты - жастардың азаматтық, әлеуметтік дербес тұлғалық қалыптасуын жүзеге асыру үшін қажет құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау мен нығайту болып табылады. Зерттеу жұмысының негізгі аспектісі ретінде жастардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық қамсыздандыру мәселесі алынды. Жастар саясатын жүйелі жүргізу қажеттілігі өзінің әлеуметтендіру процесінде жас адамның кезігіп отыратын өмір қиыншылықтарымен айқындалады. Дамыған елдердегі жастар ісі жөніндегі мемлекеттік органдар жастарды дамыту, тәрбие жұмыстары әлеуметтік аспектілеріне ерекше көңіл бөледі. Қазақстанда негізгі күш қоғамдық-саяси іс-шараларға, жас азаматтардың азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға жұмсалынады.

Жастар және ғаламтор

Жастарға арнаған сөзінің бірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым мен білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» деген болатын. Бүгінгі әңгіме де жастардың білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалана білуіне ықпал ету мақсатын көздейді.

Гуглдың негізін қалаушылардың бірі, әрі оның басшысы Эрик Шмидтің «Жаңа сандық дәуір» атты кітабы жарық көрді. Интернеттің ықпалы бар барлық саланың мамандары асыға күткен бұл кітап – Интернет пен оның төңірегіндегі технологияларды сараптай келе, қоғам, мемлекет пен бизнестің болашағына жаңа көзқарас ұсынады. Шмидтің айтуынша, адамзат Интернетті өз қолымен жасаса да, оның табиғаты мен болмысын терең түсінбейді. Бір кездері үлкен бөлмеге әрең сиятын бір компьютер мен екінші тура сондай компьютер арасында байланыс орнатып, шағын ғана ақпарат жеткізу үшін жасалған құрал еді. Енді, міне, кез келген жерден табылатын, мүмкіндігі шексіз тарихта бұрын-соңды болмаған ерекше құбылысқа айналды. Ол әр секунд сайын көлемі өсіп, мазмұны өзгеріп, тоқтаусыз мутация негізінде өз бетінше дамиды. Ол адам өміріне керемет пайдалы құрал, сонымен бірге ақылға сыйымсыз зиян әкелетін құбыжық та болуы мүмкін. Қазір біз сол пайда мен ықтимал кеселдің алғашқы белгілерімен ғана таныса бастадық.

Осы күнге дейін Интернет арқылы қаншама нәрсені оқып білдік, көрдік, естідік, сол арқылы қанша жақсы адаммен таныстық, қанша тамаша жаңалыққа қол жеткіздік, қанша асқақ арман мен қиял туды, қандай үлкен

жұмыс істеліп, жобалар іске асты. Жақсы-ақ, бірақ еш бақылаусыз, қазақша айтқанда бейберекетсіз, жөнсіз, жосықсыз әрекеттің салдары туралы да ұмытпағанмыз абзал. Тексерілмеген ақпарат, дәйексіз пікір, кез келген адамды ретсіз қаралау, дәлелсіз жала жабу – соның басы ғана. Онлайн алаяқтықтың түр-түрін жасауға болатын, ұят пен абыройды ұмытқан ойын-сауық табуға болатын, бұзақы да, баскесер қылмыскер де еркін кіріп, басқаларға ақыл айтатын, ешкім бақыламайтын, қадағаламайтын орта іздеген адам Интернетке келеді. Ерте ме, кеш пе, осы орта кеңейе түскен сайын біздің Интернет туралы түсінігіміз де өзгеруі тиіс. Өйткені, ол күнделікті өмірді тек жеңілдететін, көңіл көтеретін, уақыт өткізетін қызыққа толы, зияны жоқ құрал ғана емес, өміріміздің кез келген саласына тікелей қатысы бар, жеке басымыздың еркіндігі мен қауіпсіздігіне де ықпал ететін күшке айналып келеді.

Бұл технологияның арқасында адамдардың қиялы мен мүмкіндіктеріне тосқауыл қоятын ресми шекара, географиялық қашықтық, тіл білмеу, ақпарат жетіспеушілігі секілді шектеулер маңызын жоғалта бастады. Оның адам өміріне дендеп кіруі тарихта бұрын-соңды болмаған әлеуметтік, мәдени және саяси трансформацияға әкелмек. Жаңа технология негізіндегі өзгерістердің бұрын да болғаны рас, бірақ бұл жолғы өзгерістер адамзат атаулыны толық қамтып, шын мәнінде ғаламдық құбылыс болмақшы.

Жастар - мемлекеттің негізгі тірегі

Жастар — бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Кенеттен емес, БҰҰ мыңжылдық даму бағдарламасындағы негізгі шешуші мәселе ретінде – жастар, олардың қалыпты өмір сүруі, денсаулығы, тиімді еңбек етуі секілді мәселелер қозғалған.

Қазақстанда жастар жалпы халықтың 30 пайызын құрайды. Жастар саясаты туралы заң бойынша жастар - 14-29 жас аралығын қамтиды. Жастар саясатына берілген анықтама - мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік - экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі қызметінің аясы.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының жастар саясаты әлеуметтік саясаттың аса жас бағыты болып отыр. Мәселен, «Қазақстан Республикасының Жастар саясаты туралы концепциясы» 1999 жылы 28 тамызда қабылданған, оның мағынасын кең түрде ашатын, тұжырымдамалық-әдістік негізге сүйенетін 2004 жылы 7 шілдедегі «Жастар саясаты туралы заң» бар. Алайда, оның баптары не себепті толық орындалмайды? Оның толық орындалмауы тиімді нормативті-құқықтық базасы жеткілкіті қамтамасыз етілмегендіктен бе, қаржылық жетіспеушіліктен бе, қадағалаудың аздығынан ба секілді түрлі қырлары бар.

Елбасымыздың айтуынша, төрт базалық элемент – кәсіби жақсы білім, жақсы төленетін тұрақты жұмыс, отбасы құруға арналған жеке үйі, салауатты өмір салтын жүргізуге арналған мүмкіндіктің болуы жастар мәселесін

шешудің қадамдарының бірі. Қазақстан жастар саясатының жеткілікті дәрежеде дамымау себептері неде екенін анықтау бұл мәселенің барысын қарастыруға мүмкіндік береді:

Қаржыландыру- кез-келген маңызды шаруада қаржыландыру мәні аса жоғары. Алайда ондағы мәселе, қалай тиімді және жеткілікті түрде қаржыландыруға болады. Голландияда, Испанияда төменнен жоғарыға қарай, яғни жергілікті аймақтар өзіне қажетті ресурстарды үкіметке жібереді, онда талқыланып реттеуші шешім шығарылады. Францияда аймақтар мен үкімет арасындағы ынтымақтасық және байланыс негізінде реттеледі. Қазақстанға қаржыландыру кезінде аймақтардың мұқтаждықтарын барынша кең ескеру керек.

Құрылым –әлем мемлекеттерінде жастар ісімен айналысатын тікелей құрылым бар. Қазақстанда Білім және ғылым министірлігі жастар саясаты департаменті, ҚР Президенті жанындағы Жастар кеңесі, Мәдениет министірлігі жанындағы комитеті секілді құрылымдар айналысады. Жастар саясаты жұмысын бір жүйеге келтіру арқылы біріктіру керек. Бұл Қазақстанда Жастар саясаты жөніндегі агенттік құру арқылы болуы мүмкін. Жапония, Сингапур, Малазия елдерінде жастар саясатымен құрылымдық-жүйелік түрде жұмыс істеу нәтижесінде туған.

Жастар ұйымдарының орны. Қазақстанда жастар ұйымдарының тарпынан мәселелер көтеріледі. Жастар – мемлекет дамуының сапалы кепілі болғандықтан, олардың жайын бүгін ойламасақ, ертең кеш болады. Ештен кеш жақсы демекші, жастар саясатын күн тәртібіне қойсақ, оған жастарды тең мүше ретінде қарастырсақ, бұл жұмысқа өз септігін тигізер деген сенімдеміз.

Жастар және тәрбие құндылықтары

Бүгінде адамға ең қажетті нәрсе – тәрбие. Әсіресе, бұл қазіргі жастарға өмірдегі шынайы құндылықтарды ұғынуы үшін ауадай қажет. Адамның сол арқылы дүниетанымы кеңейеді және қоғамда өз орнын табады. Өйткені жаһандану заманында қоғам мүшесінен ғылым мен техниканы меңгеріп, жоғары білімді маман болуын талап етіп қана қоймай, сенімі мен дәстүрі алуан түрлі қоғам мүшелерімен бірлікте өмір сүріп, дұрыс тіршілік ете білуді қажет етеді.

Тәрбиеге жеткілікті көңіл бөлмеушілік қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне салғырт және немқұрайлы қарау, кейбір шектен шыққан әдепсіздік пен арсыздықтың көрініс беруіне алып келіп отырғаны шынайылық.

Жастар – біздің жарқын болашағымыз болғандықтан, оларға жіті көңіл бөлу елағалары алдындағы негізгі мәселелердің бірі. Жастардың келешегі осыған байланысты. Сондықтан да шығыстық түсініктегі тәрбие ұғымының ел болашағына бағыт-бағдар берудегі маңыздылығы өте жоғары. Әсіресе, діни түсінікте жас ұрпаққа ана құрсағында жатқаннан бастап тәрбие беруге баса назар аударылады. Шәкәрім Құдайбердіұлы тәрбиесіз адамға берілген білім оққа айналады, яғни адамзат үшін қатер тудырады деген байлам жасаған. Ал ортағасыр данышпаны Әбу Хамид әл-Ғазали бала тәрбиесі

туралы: «Біліп ал! Баланың тәрбиесі ең маңызды істердің бірі. Перзент ата-анаға аманат. Баланың жүрегі пәк, нәзік, аңқау және ешбір нақыш салынбаған таза гауһар тасы сияқты. Жүрекке қандай ою-өрнек салынса, ол соған ұқсап пішінделеді, оны иген тарапқа қарай иіледі. Егер балаға көңіл бөлінбей шетте қалып қойса, жамандықтың ортасында өссе, бақытсыздыққа душар болып, құрып кетеді. Бұл жағдайда күнәнің ауыртпалығы оны осы күйге түсіргендер мен ата-ананың мойынына артылады». Жастарымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін ұдайы жадында сақтап, оны құрмет тұтып қадірлеуі, өз туыстары мен отандастарына ілтипат көрсетуі үшін кезкелген қоғамда адамгершілік құндылықтар бірінші орында тұруға тиіс.

Олай болса, қоғамның гүлденуі, мемлекеттің өркендеуі үшін жастарды тәрбиелеуде қоғам мүшелерінің барлығы да жауапты. Қазақ: «Көп көтерген жүк жеңіл», – демекші жастарымызды рухани-адамгершілік пен патриоттық бағытта тәрбиелеу көптің міндеті.

Жастар құқығын қорғайтын кім?

Жастар саясатын жүзеге асыруда қазіргі таңда мемлекеттік мекемелермен қатар үкіметтік емес ұйымдар да жұмыс жасап келеді. Әділет басқармасының мәлімдеуінше, бүгінде олардың саны -78. Осы орайда, бұл ұйымдар қай бағытта жұмыс істейді деген сұрақ туындауы мүмкін.

Олардың да жұмысының басты бағыты қоғамдағы жастар мәселесі. Атап айтсақ, жастарды отансүйгіштікке баулу, адам құндылықтары мен мәдени аралық келісімге үйрету, ауыл жастарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жоғарылату, студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, т.б. көптеген бағыттарда жұмыс істейді. Сонымен қатар, мұндай ұйымдардың жұмысы ҚР мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында көрсетілгендей, жас адамның саяси, әлеуметтік-экономикалық жеке құқықтары мен бостандықтарын толық тануға негізделеді.

35 мыңнан астам жастар бүгінде осындай ұйымдарда жұмыс атқарып келеді. Жастардың өзекті мәселелерін шешуде белсенділік танытып жүрген кейбір ұйымдардың жұмысын ерекше айтуға болады. Олар: республикалық жастар ұйымдарының облыстық филиалдары - «Жас Отан» жастар қанаты, «Жасыл ел», «Ауыл жастары одағы» қоғамдық ұйымдары мен облыстық, «Нұр Әлем», «Бәйтерек», «ДОС», «Тұран» және «Ұшқын» жастар ұйымдары.

Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, есірткімен күресу, қоғамға іріткі салатын діни секталардан абай болу мақсатында жұмыс жасайтын бұл ұйымдардың жұмыстары нәтижесіз деп те айта алмаймыз. Алайда, қоғам бірден мұндай дерттерден арыла қоймасы анық. Сондықтан да, қоғамның белсенді бір бөлігін құрайтын жастар проблемасын шешу әрдайым басты назарда болмақ.

Жастар – бұл объективті қоғамдық құбылыс және ол әдетте жас категориясы ретінде ғана ауқымды орын алады. Жастар өмір сүріп отырған қоғамды түсінбейінше, жастардың өзін және оларға тән мәселелерді түсіну қиын. Осы қоғамның жастарын түсінбей, оның барлық, соның ішінде, жалпы

қайшылықтары мен мәселелерін білмей қоғамның одан арғы болашағын болжап айту мүмкін емес. Қоғамдағы мәселелер бастауын жастардан алады, осы тұрғыда ол жастар мәселесі болып қаралады.

Шындығында, жастар өзі өмір сүріп отырған жағдайдың әлеуметтік шындығы көрініс алатын айнасы болып табылады. Егер де жастар ортасында теріс әрекеттер көрініс алса, қиыншылықтар туындаса, ол ең алдымен әлеуметтік ортаның «күнәсі». Қоғам қалай тәрбие берсе, жастарымыз солай өседі.

Қазіргі заманғы жастар қоғамның қарқынды дамуы тұсында оның ықпалын өмірінің барлық қырларынан сезініп өсіп келе жатыр.

Бүгінде жастардың өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, елдегі болып жатқан саяси өзгерістерге, болып жатқан оқиғаларға көңіл бөліп, оған өздерінің бағасын беруге тырысады.

Болашақ және жастар

Жастардың терең білім алуымен болашақтағы мақсат мұраты қай кезде де қоғамды көп толғандырып келген. Қоғам өз мұрасын, мәдениетін және оның құндылықтарын болашақ ұрпағына аманат етіп қалдырып келеді.

Тәрбиелі білім алған, жан - жақты қабілетті, бастамашыл, дүниетанымы терең, көкірегі ояу ұрпақ - қоғамның басты діңгегі.

Бүгінгі таңда жастарға үлкен міндеттер жүктеліп отыр. Ғылым мен технологияның заманы болып тұрған – ХХІ ғасырда жастарға оң мен терісті, жақсы мен жаманды ажырату бағытында тәрбие беру өткір күйінде қала бермек. Демек, жастардың тәрбиесі мен бүгінгі өмірге дайындығын қамтамасыз ететін бағдарлама мемлекеттің ең маңызды саласы болуға тиіс.

Қоғамның ең маңызды әлеуеті болып табылатын жастардың екітүрлі байлығы бар. Біріншісі – денсаулығы, екіншісі – уақыты. Уақыт пен тәрбие арасында тығыз байланыс бар. Тәрбие – бұл уақытты қадірлеу және азға қанағат ете білу. Ұлттық және рухани құндылықтарды көзінің қарашығындай сақтайтын ұрпақ тәрбелеу – бұл өмір мен өлім арасындағы мәселе.

Мемлекетімізді, жастарымызды, ұлттық және рухани құндылықтарды болашақ ұрпаққа табыстау үшін сапалы білім қажет. Табиғи байлығы білім жүйесімен сәйкес келетін мемлекет түптің түбінде озады.

Жастық шақ – тану мен қалыптасу кезеңі. Бұл жолда танымдық қызмет жүргізу өзара диалогқа құрылуы тиіс. Ал, диалог дегеніміз – «өзгеге мен не бере аламын және өзгеден өзім не үйрене аламын?» деген сұрақтың іс жүзіндегі жауабы. Қоғам ішінен «диалог қоғамын» тудырған әлеуметтік оң өзгерістердің арқасында жастардың бір-бірімен пікір алмасу мүмкіндігі пайда болады, ал пікір алмасу байсалды өзгеріске жетелейді. Ал бұның нәтижесі биік жетістіктермен жастардың есею деңгейіне жетелейді.

Салауатты жастар – салауатты қоғам

Бүгінгі таңда жастар ортасындағы маскүнемдік, нашақорлық, жұмыссыздық, қылмыс пен өз бетімен кетушілік, рухани азып-тозушылық

туралы жиі айтылады. Мұндай теріс ағымдардың белең алғандығын жасырмаймыз. Қазіргі таңда қоғамды алаңдататын аталған сипаттағы мәселелер. Сол себептен де мемлекеттің жастар саясатының басым бағыттары да жоғарыдағы салаларды қамтиды. Ежелден «Бірінші байлық» аталған денсаулықтың жайын қазақ қашаннан жоғары бағалаған. Расында да адам баласы үшін денсаулықтан артық ештеңе жоқ. Денсаулық дұрыс болмаса, бойынды дерт жайласа, ештеңенің мәні келмейді. Біздің жұрт «Қай жерің ауырса-жаның сол жерде» деп те жатады ғой. Бұл да шындық, осының бәрі ата-бабаларымыздың денсаулық мәселесіне айрықша көңіл бөлгенін көрсетеді. Халықтың денсаулығы ел қуаты. Ел қуаты болашақ жастар.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың барша халыққа арналған «Қазақстан 2030» жолдауында: «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда ауруларға қарсы күрес пен денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеуден басталады» - делінген.

Шындығында, салауатты өмір салты дегеніміз – тек қана зиянды әдеттерден бас тарту ғана емес, бұл өз денсаулығына деген жауапкершілікті сезіну, жанұяда бақытты тұрмыс құру, бос уақытты мағыналы өткізу, адамның рухани жан – дүниесін байыта түсу мен дене тәрбиесімен айналысу, осының бәрі қоғамдық мүддемен ұштасатынын, сонымен тоғысатынын түсіну, яғни Қазақстан азаматы деген атаққа қай жағынан болса да лайықты болу.

Жастық - ол ізденістің бастауы, осы жаста ғана адам өзінің күшіне сеніп, тауды да қопарып тастайтындай болып көрінеді, барлық істе - спортта, саясатта, бизнесте болсын көшбасшылық танытады. Болашағы зор айбынды Қазақстанның сенім артар азаматтары - асқақ рухты жастар десек қателеспейміз. Білімді де білікті жастар - еліміздің ертеңгі тірегі. Сондықтан ел ертеңі жастардың қолында.

Білімді жас - ел ертеңі

Егемен еліміз демократия жолымен алға жүріп, әлемде өзіне лайықты орын алу үшін еңбектеніп келеді. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеялармен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне лайықты үлес қосып келеді. Болашақта ел тізгінін ұстайтын, еліміздің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркениет көшінен лайық орын алатын, еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлес қосатын қоғамның негізгі белсенді күші жастар екені сөзсіз.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Бүгінгі алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Әрі білімді, бәсекеге барынша қабілетті, сонымен қатар дені сау яғни салауатты өмір салтын ұстануы алғы шарт болып табылады.

Ұлы Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы- Мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етіп отыр. Жүректерінде жалыны,

бойларынан күштері бар жиырма бірінші ғасырдың жастары күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға шошып қарамай, батыстың қитұрқы өміріне еліктемей, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп» жатса, бұл керемет болар еді.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Еліміздің келешегі жастардың қолында» деген сөзі жастарымызға қандай жауапкершілік жүктеп отырғанын айқын көрсетеді. Ел ертеңі-бүгінгі ұрпақ екенін үнемі жадында сақтайтын жастар Президентіміздің бағыт-бағдар берген сара жолмен ілгері басып келеді. Жас ұрпақты талапты да тапқыр, талғампаз да терең ойлы, төзімді де табанды етіп тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз.

Қай мемлекеттің болсын ертеңі – білімді жастардың қолында екені даусыз. Сондықтан, ата-бабамыз «Бұлақ көрсең көзін аш» деп, тегін айтпаса керек.

Қазіргі таңда жастарды білімге бағыттау аса маңызды мәселе болып отыр. Елбасы: «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады» деп, өзінің Назарбаев Университетіндегі «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісінде айтқан болатын.

Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетімізде жастарға білім мен тәрбие беру, оларды барынша әлеуметтік тұрғыда қолдау, ел келешегіне өз үлесін қосатын азамат болып қалыптасуына барлық жағдай қарастырылған. Сондықтан, жастарымыз Тек қана «Алға!» деген ұранды ту етіп алға ғана ұмтылу керек.

Қазіргі жаһандану заманында Қазақстан Республикасы – жастардың білім мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр.

Жастар – ел болашағы

Жастық - ол ізденістің бастауы, осы жаста ғана адам өзінің күшіне сеніп, тауды да қопарып тастайтындай болып көрінеді, барлық істе - спортта, саясатта, бизнесте болсын көшбасшылық танытады.

Жастар - бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Қазақстанда жастар жалпы халықтың 30 пайызын құрайды. Жастар саясаты туралы заң бойынша жастар - 14-29 жас аралығын қамтиды.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының жастар саясаты әлеуметтік саясаттың аса жас бағыты болып отыр. Мәселен, «Қазақстан Республикасының Жастар саясаты туралы концепциясы» 1999 жылы 28 тамызда қабылданған, оның мағынасын кең түрде ашатын, тұжырымдамалық-әдістік негізге сүйенетін 2004 жылы 7 шілдедегі «Жастар саясаты туралы заң» бар. Елбасы айтуынша, төрт базалық элемент – кәсіби жақсы білім, жақсы төленетін тұрақты жұмыс, отбасы құруға арналған жек үйі, салауатты өмір салтын жүргізуге арналған мүмкіндіктің болуы жастар мәселесін шешудің қадамдарының бірі.

Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты. Мемлекет жастар үшін барлық жағдайды жасап отыр. Тек оқу, күш-қуатынды аямастан еңбек ету керек, сонда ғана ойлаған арманға жетуге болады.

Осы тақырыпқа орай кітапханада «*Жастар – ел болашағы*» «*Молодежь – это молодость страны*» атты кітап көрмесі екі тілде ұйымдастырылды. Яғни, осында жастардың саясаты, жастардың болашағы, жалпы алғанда жастарға арналған толық мағлұматтар бар. Болашағы зор айбынды Қазақстанның сенім артар азаматтары - асқақ рухты жастар. Білімді де білікті жастар - еліміздің ертеңгі тірегі.

Қазақ жастары және патриотизм

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге танытты. Кешегі өткен өміріміз жолын еске алсақ, талай қиыншылықты бастан кешірген халықпыз. Сонда да ащы мен тұщының дәмін татып, қиыншылық көрсе қысылмай, батылдық, табандылық, өжеттілік танытқан елміз.

Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азамат осыны түсінер деп ойлаймын. Ол үшін алдымен адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі қажет. Мұның басты шарттарының идеяларын Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан- 2030» Жолдауында «біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп нақты көрсеткен болатын.

Жастар – еліміздің экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық салаларына қатыстылығы жағынан алғанда, болашағы зор, қоғамның маңызды бөлшегі. Тәуелсіздік жылдарында қазіргі заман шарттарына жаңа көзқараспен қарайтын жастар пайда болды. Жастар еліміздің даму және демократиялық жаңару үрдістеріне белсене қатысып келеді. Ал дамыған қоғам, әрине, адамға және оның жеке, кәсіби қасиеттеріне жоғары талаптар қояды. Қазіргі заман мамандары өз кәсібінде де, ғылымда да тек қана жаңашыл емес, сондай-ақ көшбасшы да бола білулері керек.

Болашақ жастардың қолында деген керемет ұранды жүзеге асыратын кез келді. Ол үшін тек қана оқу, білім, тәрбие, ғылым, бірлік, татулық қажет. Осылардың жолында бәріміз де аянбай еңбек етіп, тер төгеміз.

Біздің мақсатымыз көкірегінде намысы, көзінде оты бар жастарын тынбай талаптандырып, үзбей іздендіріп, ерінбей еңбектенуге үйрету.

Біз болашағымызға бар халықты бауырымызға тарта отырып, жастарымыздың, яки біздердің ақыл парасатымызбен, саналы тәрбиеміз, сапалы білімімізбен, ұлттарымыздың бейбітшілік аясындағы айқын мақсаттарымен барамыз.

Елбасы және жастар

Отаншыл, мемлекетшіл жастардың өсіп келе жатқаны бізді қуанышқа бөлейтінін айрықша сезіммен айта кетуге болады.

Жастар – елдің болашағы. Ертеңгі күннің жарқындығы, сәулелі болуы соларға байланысты. Аға ұрпақ өмірден озады. Олардың орнын бүгінгі жастар басатын болады.

Ұрпақтар сабақтастығы – тарихи процесс, объективті құбылыс. Әрбір жаңа ұрпақ өмірге өзімен бірге жаңа леп, жаңа ахуалды қоса әкеледі. Бұл ұрпақ прагматизмді, тиімділікті, жаңалыққа, инновацияға иек арта келеді. Кешегі күні үлкен бейнетке түсетін, қол күшімен атқарылатын процестерді енді техника күшімен атқарады. Қалам-қағазға жүгініп, қолмен есептеп жататын шаруалар техника үлесіне көшті. Компьютер арқылы қажетті мәліметтерді таба алады, алысқа хабарды интернет, ұялы телефон арқылы жібере алады. Бүгінгі ұрпаққа бұл қиындық келтірмейді, техника құлағында еркін ойнайды. Жастар қоғамдағы қозғаушы күшке айналды. Мұның себебі де бар, Елбасы жастар саясатына соңғы жылдары үлкен маңыз берді. Олармен нақты жұмыс істеудің үлгісін көрсетті.

Әрине, Елбасының жастарға бірнеше рет өз сөзін арнады. Жылдағы дәстүрлі Жолдауларында, келелі жиындардағы сөздерінде жастар саясатына айрықша назар аударғаны белгілі. Бұларды қоспағанда Қазақтың Әл-Фараби атындағы, Л.Гумилев атындағы университеттердің студенттері мен профессор-оқытушыларының алдында оқыған дәрістері жастардың тікелей ғылым, біліммен қарулануына арналды.

Мұнымен бірге Н.Назарбаев жастарға қаратып, «Сендерді, ең алдымен, қалыптасқан тұлғалар, тамаша кәсіпқойлар және шынайы патриоттар тұрғысында көремін, – деді. Одан әрі Елбасы «тұлға» деген сөздің мәнін ашып берді. Тұлға болу дегеніміз – жауапты болу деген сөз, деді, яғни өмірде ата-анаң, Отанның алдында жауапкершілікті сезініп, өз ісіңе мұқият болу деген сөз. Ол үшін ағынмен жүзе бермей, белсенді болу қажет. Өзіңнің көздеген мақсатың, алға қойған межең болуға тиіс. Сол межені алуға күш-жігеріңді жұмылдырып, қайрат көрсетуің керек.

Кәсіпқой болу деген сөз – өзің шынымен де айналысқың келген өмірлік істі таңдай білу. Және оның өзін жақсы тұрғыда жүзеге асыру керек. Кәсіп дегеніміз – табысты өмірдің негізі.

Патриот болу – өз Отаныңды шың жүректен сүю, өзіңе және өз халқына сеніп, қоғамға қызмет ету. Бірақ өзіңнің тарихыңды, ана тіліңді, шығу тегіңді білмей нағыз патриот бола алмайсың.

«Жастар практикасы» - тиімді бағдарлама

«Жастар практикасы» - арнаулы және жоғары оқу орындарының түлектерін жұмыспен қамту мәселелерін шешудегі бірден-бір жол. Оқу орындарының түлектерін еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы «Жастар практикасы» бағдарламасы жұмыспен қамту органдарымен ойдағыдай қолданылады. Осы бағдарлама жас түлектерге, олар алған мамандықтар бойынша практикалық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді және оларға келешекте тұрақты жұмыс орындарына орналасу үшін зор перспективаларға жол ашады.

«Жастар практикасын» ұйымдастыру жөнінде 2012 жылдан бастап «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының қабылдануына байланысты жұмыспен қамту орталығының жастар практикалық ұйымдарына қаражат бөлінді. Қазіргі уақытта жастар тәжірибеден өту үшін ережеге сәйкес жұмыс берушінің өтінімі беріледі. Қаулының жобасы дайындалып, шаралар ұйымдастырылып жатыр.

Қаулы қабылданғаннан кейін сәуір айынан бастап «Жастар практикасы» ұйымдастырылып, 29 жасқа дейінгі оқу орындарын бітірген түлектерге арналған.

«Жастар практикасын» ұйымдастыру, қаржыландыру және оның шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының түлектері қатарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру тәртібін айқындайды.

«Жастар практикасынан» өту үшін жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған түлектер және осы жұмыс орындарын ұйымдастырған жұмыс берушілер туралы мәлімет «Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

«Жастар практикасы» жұмыс берушілерде олардың меншік нысанына қарамастан ұйымдастырылады. «Жастар практикасы» уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылады және мынадай ерекшеліктері бар:

1) арнайы түлектердің алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтауына арналған;

2) «Жастар практикасына» қатысушыларға еңбекақы төлеу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі;

3) жұмыс орындарының саны шектелмеген, жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдалануға болмайды;

4) жолданатын түлектер уәкілетті органда немесе халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелуге және олардың жасы 29-дан аспауға тиіс;

5) жолдама беру сәтінде жолданатын азаматтар үшін уәкілетті органда және халықты жұмыспен қамту орталығында лайықты тұрақты жұмыс болмаған болуы керек.

«KAZENERGY» Білім беру Бағдарламасы

Бүгін көптеген қазақстандық компаниялар үшін процесстің барлық қатысушыларына өзара табыс әкелетін әлеуметтік бастамаларға өту мақсатқа бағытталған, ұзақ мерзімді саясат болып табылады.

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының ассоциациясы ұстанған саясатының басым бағыттарының бірі - профильді және басқа ғылыми кеңестік білім беру ұйымдарын және мекемелерін қолдау болып табылады.

Осы бағытты дамыту мақсатында 2006 жылдың желтоқсанында «KAZENERGY» Ассоциациясымен бәсекеге қабілетті білікті мамандарды даярлау, олардың біліктілік сапасын арттыруға көмегін тигізетін ұсыныстар жасау процессін ұйымдастырудағы жұмыс берушілердің рөлін, жауаптылығын және қатысуын анықтау мақсатында білім беру және кадр даярлау мәселелері жөніндегі Үйлестіру Кеңес құрылған болатын.

Білім беру жүйесін дамытуға тиесілі және жастарға арналған жобаларын жүзеге асыруды сүйемелдеуге қатысты заң шығару бастамаларын талқылауға қатысу сияқты Үйлестіру Кеңесінің негізгі мәселелерін жүзеге асыру мақсатында «KAZENERGY» Білім беру Бағдарламасы жасап шығарылды.

«KAZENERGY» Білім беру Бағдарламасы дарынды жастарды ғылыми зерттеулерге итермелеу арқылы жанар-жағармай және энергетикалық салада ғылыми-техникалық прогресс мүмкіндігін береді. «KAZENERGY» Білім беру Бағдарламасының шеңберінде мұнай-газ және энергетикалық саланың мамандар резервінің мәліметтер базасы, Қазақстан қоғамының перспективалық қоры ретінде қалыптастырылады. «KAZENERGY» Білім беру Бағдарламасы Қазақстан экономикасын дамытуға қажетті инновациялық идеяларды анықтауға үлкен мүмкіндік туғызады.

«KAZENERGY» Білім беру Бағдарламасы KazEnergy Ассоциациясының мүшелері және серіктестері - мұнай-газ және энергетикалық компаниялар, еліміздің ЖОО-ы, студенттер, БАҚ және бүкіл Қазақстан қоғамының арасындағы білім берудегі кең ауқымды шаруашылық сала ішіндегі серіктестіктің және біліктілігі жоғары мамандарды даярлаудың Қазақстандағы алғашқы бастамасы болып табылады.

Біздің елдің жастары бақытты!

Еліміздің болашағын ойлағанда ең алдымен есімізге жастар мәселесі, олармен әлеуметтік жұмыс жүргізу жайы еске түседі. Олай болатыны, жастар жай ғана қоғамдағы адамдар санатының белгілі бір тобы ғана емес, олар – жас қуаттың, еңбек көзінің, идеялар мен тың ұсыныстардың бастамашысы, қоғамдағы қозғаушы күш, халықтың ең белсенді тобы. Сондықтан да, жастар мәселесі – елдің болашағы туралы мәселе.

Қазақстанда жастар үшін әлеуметтік қызмет 1980 жылдары құрыла бастаған. Бірақ республикамызда оның қарқындап даму шыңы 1990 жылдардың орта кезіне ғана келіп жетті. Сонан соң бұл іс-шара тек 1990-шы жылдардың ортасынан бастап қолға алына бастады және де бүгінгі таңда

қайта өрлеу кезеңін бастан кешіріп отырған жайы бар. Мәселен, егер 2005 жылы республикамыздың 14 облысында 72 әлеуметтік қызмет құрылымдық бөлімдері құрылса, 2010 жылы олар 168-ге жеткен.

Содан бергі екі жарым жылда да бұл көрсеткіш тағы біраз өсті. Осы уақытта мемлекеттік органдар тарапынан әлеуметтік қызмет үшін жергілікті бюджет есебінен қажетті анықтамалық-ұйымдастыру және әдістемелік құралдар, әлеуметтік қызмет үшін арнайы мамандар даярлауға көмек көрсетіліп отырды. Бұл қызметтер облыстық орталықтарда орналасып, «сенім телефоны», жастар еңбек биржасы, үйінен кетіп қалған балалар үшін баспана, медицина-психологиялық кеңес беру пункттер жүйесін құра білді.

Бұл ретте жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориясы мен практикасын, әдістерін, формаларын ғылыми тұрғыдан қарастырудың өзектілігі талас тудырмайды. Олай болса, бүгінгі таңдағы Қазақстан жастарының әлеуметтік жағдайы, олардың патриоттық тәрбиесі қоғамның өзек жарды мәселелерінің қатарынан орын алуы заңдылық.

Халықтың рухани байлығы бұл ұлттың құндылығы. Осы құндылықтарды жастарымыздың бойына сіңіру басты мақсатымыз болып табылады.

Тарихтың «тар жол, тайғақ кешу» жолдарында ұлттың өзін-өзі сақтауының бірден-бір жолы – ұлттың рухани потенциалы мен жалпы тұтастық идеясының сақталуы екендігінде дау жоқ. Біздің жас егеменді мемлекетіміздің стратегиялық дамуының негізгі факторы халықтың рухани байлығы, оның әскери күші, адамгершілік құндылықтары, білімі, патриотизмі, елдің тұтастығы болып табылады.

Жастары білімді елдің ғана болашағы жарқын

Ұрпағының болашағын ойлаған ұлт жастарының білімді болуын басты мақсат етері даусыз. Жасы кіші болса да ақылы асқанды аға сыйлайтын қазақы қағиданың қаншалықты өміршең екенін сөзбен тауысып жеткізу мүмкін емес. Тамыры тереңге жайылған тарихында қазақтың білім-ғылым жолын насихат еткен ғұламалары өте көп болған. Сондықтан баба дәстүрінен ажырамаған бүгінгі ұрпақтың білімсіз болуға хақысы жоқ. Осыны мақсат тұтқан Елбасы өзінің тапсырмасымен ашылып жатқан «Білім» телеарнасын іске қосты.

Астанадағы Назарбаев университетіне арнайы ат басын бұрған Президент Ыбырай атамыз жырлаған «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» ғылымның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, еліміздегі барлық білім алушы тәлімгерлерге онлайн режимінде дәріс оқыды. Сонымен бірге тұңғыш рет тек қана ғылыми жаңалықтан хабардар ететін отандық «Білім» телеарнасының тұсауын кесті.

Телеарна, негізінен, үш тілде жұмыс жасайтын болады. Әлемдік және отандық ғалымдардың жаңа жобалары мен білім беру жүйесіндегі елеулі оқиғалардың барлығы ендігі кезекте осы арнаның еншісіне тиесілі. Әзірге «Отау-ТВ» арнасы арқылы ақпарат әлеміне жол тартқан телеарна алдағы уақытта басқа кабельді жүйелерге қосылатын көрінеді.

Өз сөзін қазіргі қалыптасқан экономикалық ахуалдың жай-жапсарынан бастаған Нұрсұлтан Әбішұлы «бүгінгі күні әлемдегі қаржы дағдарысы рухани дағдарыстың да негізгі өзегіне айналып отыр» деп қадап айтты. «Ел-жұртты дүрліктірген қаржы дағдарысының біз қазір екінші толқынын күтіп отырмыз. Себебі Батыс Еуропа елдеріндегі экономикалық жағдай әлі тұрақты емес.

Сондықтан жұмыссыздықпен күрес мәселесін мықтап қолға алуымыз керек», – дейді Мемлекет басшысы. Экономикалық тығырыққа тірелген елдерде қазіргі таңда жұмыссыздық салдарынан қылмыс саны күрт өсіп кеткен. Сол себепті Президентіміз жастарға білім мен ғылымды серік етуді тапсырды.

Халық байлығы - ұрпақ саулығы

Өмірлік тәжірибесін жас буынмен бөлісуді үнемі қолдап жүретін Мемлекет басшысы салауатты өмір салтын ұстанатыны белгілі. Бұл ретте Елбасы жастарды да жат қылықтардан аулақ болуға шақырудан жалыққан емес. «Егер ұлтымыздың дені сау болса, халқымыздың демографиялық өсу қарқыны да қарыштайды. Бұл – халқымыздың табиғи өсу көрсеткіші», – дейді Елбасы. 2005 жылы басталған демографиялық даму үдерісі Елбасының айтуына қарағанда, 2016 жылға дейін жалғасатын көрінеді. Себебі Қазақстан – жас мемлекет, халқымыздың орташа жас көрсеткіші 35 жастан аспайды. Бұл – біз үшін өте қолайлы жағдай. Ертеңгі күні осы бүлдіршіндер біздің еліміздің білім-ғылым саласын дамытады. Өйткені жарқын болашақ – ертеңгі жеткіншектердің қолында.

«XVI ғасырға дейін ғылыми жаңалық шығыстан батысқа бет алатын. Бірақ батыс елдері бу турбинасын қолға алған сәттен бастап шығысты шаң қаптырып кетті. Кейін атом, электр энергиясы ашылған соң тіпті қара үзіп кетті. Міне, осы сәттен бастап шығыс елдері өндірістен тысқары қала бастады», – деп бір тоқталған Елбасы жастарға арнаған дәрісінде білімге құштарлық танытқан адам үшін Қазақ мемлекетінде толық жағдайдың жасалғанын және ендігі меже индустриалды-инновациялық жобаларды игеріп, техниканың «тілінде» сөйлеу керектігін айрықша ескертті.

«Соғыстан кейінгі жылдары шығыс елдері қайта жанданып, әр салада ғылыми жаңалықтар ашылды. Оның өзінде Азияны Еуропаның алдына түсіп кетті деуге келмейді. «Қазақстан-2030» бағдарламасын даярлау барысында біз Индонезия, Малайзия, Корея секілді мемлекеттермен иық тірестіріп, Орталық Азияның барысына айналуы алдымызға мақсат етіп қойған едік. Бүгін сол күнге жеттік. Бірақ жеткен жетістікпен бір орында тоқтап қалуға болмайды. Қазіргі ғылымдағы жаңалық күн сайын емес, сағат сайын жаңарып отыратын кез. Ал біздің айтып отырған индустриалдық төңкерістің үшінші кезеңінде Қазақ жастары алғыр да табанды, ғылымның сан саласынан хабары бар, соңғы техникалық мүмкіндіктерді меңгерген, қиялдары шексіз болуы керек. Сонда ғана біз Азияның барысына айнала аламыз», – деді Президент.

Халықты жұмыспен қамтамасыз етуге байланысты осы уақытқа дейін көптеген салалық министрліктерде біршама шаралар атқарылғаны белгілі.

Соның жемісі болар, бізде қазіргі таңда жұмыссыздық мәселесі бұрынғымен салыстырғанда едәуір төмен. «Бүгінгі экономикалық жағдайда Грециядағы, Испаниядағы қалыптасқан ахуалды көзіміз көріп отыр. Ал Қазақстандағы жағдайды қатар алып қарасақ, жер мен көктей айырмашылық бар. Себебі біздегі «Жол картасы» бағдарламасы аясында елімізде көптеген маман иелері қайта даярлық курсынан өтіп, басқа мамандықты игеріп шыққанын мақтанышпен айтуға болады. Міне, осындай жобаларға жастар белсене атсалысу керек», – дейді Елбасы.

ӘЛ-ФАРАБИ шәкіртақысы жастарды ынталандыруы тиіс

Президентпен сұхбат барысында студенттер тарапынан Кембридж университетінде тағайындалған әл-Фараби атындағы шәкіртақы жайында білгісі келетіндер де болған еді. «Шәкіртақы тағайындау – жас таланттарды қолдаудың бір тетігі. Мен Қазақстан ұлттық академиясының мүшесімін. Онда маған берілетін гранттардың бәрін талапты жастарға шәкіртақы ретінде таратып беремін. Ал Кембридж университетіндегі сапарымда олардың басшыларымен кездестім, осы туралы пікір алыстым. Қазақ жастары да әлемнің мойындалған орталығында білім алса деген арманымды айттым, сосын Қазақстанның атынан әл-Фараби атындағы шәкіртақы тағайындауға келістік. Бұл негізінен философия мен математика бағытында берілетін болады. Өйткені әл-Фараби бабамыз осы ғылымдармен терең шұғылданған еді. Әлемнің ең алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнында қазақтың жастары да білім алса, сол бізге ауадай қажет. Бұл шәкіртақы дарынды жастарымызды әлемнің озық білім ордасына ұмтылуға ынталандырса деген тілек», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Бұдан бөлек, Президент күні кеше жүрек ауыстыру арқылы еліміздегі бірегей операцияны жүзеге асырған Астанадағы Кардиохирургия орталығының ұжымының да тілегін естіді. Олар бүгінгі күні әлемде жүректі толығымен имплантантауға көшкенін, сол жобаға Америка мен Еуропаның жетекші клиникалары қатысып жатқанын айтып, өздерінің де бірегей соған ұмтылғысы келетінін жеткізген. Президенттен сол үшін қолдау сұраған. Елбасы : «Мұнымен министрлік айналысады, мен өзім де біздің клиниканың әлемдік жаңалықтар мен инновацияларға қатысуына көмегімді аямаймын», – деді.

Мемлекет басшысы ел келешегі – жастарға тағы бір мәрте Үндеу тастады. «Бүгінгі игіліктің бәрі – жастарға, себебі олар – ел келешегі. Бүгінгі студенттер – елдің ертеңгі азаматтары. Біздің экономикамыз дағдарыс тұсында қисайған жоқ. Түгі жоқ ел едік, қазір толдық. Елдің табиғат берген ырыс-байлығы зор. Ал одан да сарқылмас байлық – жастар. Оларды биік тұлғалы азамат ретінде тәрбиелеу – біздің парызымыз. Соған сай болыңдар», – деген баталы сөзбен екі сағатқа ұласқан жиынды аяқтады Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Тәрбие ісінде ұлттық құндылықтарды пайдалану

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет.

Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті-әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік –саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу-мұғалімнің басты міндеті.

Тәрбие жайындағы белгілі мәліметтер адам баласының тәрбиесіне сүйенеді. С.А.Назарбаеваның « Ұстаздан ұлағат» атты кітабында: «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту, сезімді тәрбиелеу-баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық-қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз-адамзатқа қызмет ету», -деп жазылған.

Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор.

Тәрбие кезеңдеріндегі оның өзіне тән заңдылықтарын сәтті пайдалану ұрпақ тәрбиесінің жемісті болуының ең үлкен кепілі болмақ.

Қазақстан Республикасының баянды да тәуелсіз мемлекет болу үшін ұлттық құндылықтар тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып, адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азамат керек. Қазақ мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарп ететін, елін, туып-өскен жерін, тілін, халқының тарихын, дінін, мәдениетін біліп, құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу, жалпы жұртшылық, әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті.

Ұлтжанды, адами құндылықтарды бойына жиған, қиыншылықтан жол табатын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, ары таза, иман жүзді, біреудің қолдауынсыз өз еңбегімен білім алған, елі мен жерін сүйетінін атқарған ісімен дәлелдеген жастарды көргіміз келеді. Ұлттық тәрбие дегеніміз сана-сезім мен сенім қалыптастыру.

Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата - бабамыздың мол мұрасымен яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату - біздің басты парызымыз.

Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу-үлкен міндет. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ

Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ.

Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа түрлері жасалып, әлемдік білім беру кеңістігін бағыт алуда. Педагогикалық теориямен жеткілікті түрде қаруланған мұғалімнің іс-әрекеті тиімді болатыны әркезден-ақ мәлім. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгеруде. Оқытудың жаңа технологиялары енгізілуде. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуда. АҚШ-та, Ұлыбританияда, Ресейде т.б. елдерде жүргізілген зерттеулерде оқытудың технологиялық тәсілінің тиімділігі дәлелденген.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында оқыту формасы, әдістері, қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгіменен құруға мүмкіндік береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғарғы технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту бағытындағы іс-әрекетке көшу – заман талабы.

Шығармашылық – бұл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі, өмірден дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлілді шешімдер қабылдай білуге үйрену қажет.

Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болады. Біздің міндетіміз оқушы бойында жасырын жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Болашақ біздің қолымызда

Біздің Отанымыз жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Еліміздің алдында ауқымды жаңғырту міндеттері тұр. Күшті де гүлденген Қазақстан – Елбасының жобасы және Президенттің ой-жоспарларын іске асыруда ең алдымен жас қазақстандықтарға шешуші рөл жүктеледі. Жастар елдің жаңа бет-бейнесін жасап, жаңа идеяларды ұсынуға және Қазақстанды жаңартудың

негізгі қозғаушы күші болуға тиіс. Сондықтан біздің Президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жастарды дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Кезінде Елбасының өзі бүкіл елдегі жастар қозғалысының күшті ядросы ретінде «Жас Отан» Жастар қанатын құруға бастама жасаған болатын.

Президент жастардың алдында тұрған нақты міндеттерді белгілеп берді, оларды іске асыру «Жас Отан» ЖҚ-ның Қазақстанның табысты болашағында өзінің лайықты орнын алуына мүмкіндік береді. Елбасының тапсырмалары «Жас Отан» ЖҚ І-съезінің құжаттарында, «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының 2020 жылға дейінгі бағдарламасында, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, Президенттің Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІХ-сессиясындағы сөзінде және Мемлекет басшысының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында көрініс тапты.

Бүгін біз өз дамуымыздың жаңа кезеңінде тұрмыз, өзіміздің одан арғы қызметіміздің жаңа басымдықтары мен міндеттерін айқындап жатырмыз. Біз еліміздің алдында тұрған міндеттерді шешу үшін жастарды топтастырудағы рөлімізді көріп отырмыз. Осы миссияға сәйкес өзіміздің алдағы онжылдықтағы стратегиялық басымдықтарымызды айқындаймыз.

Жаңа Стратегия – біздің ұзақ мерзімді мақсаттарымызды мәлімдеу ғана емес, ауқымды жаңғырту міндеттерін іске асыру бойынша іс-әрекеттерге басшылық болып табылады.

«Жас Отан» – елдің жетекші бұқаралық жастар ұйымы, және біздің басты мақсатымыз – әрбір жас қазақстандықтың мүдделерін қорғау.

Қоғамымыздың дәстүрлі құндылықтары; отбасының, аға ұрпаққа деген құрметтің құнсыздануына жол бермеу қажет. Отбасы институтына қоғамның негізі ретінде ұқыптылықпен қарауды қалыптастыру қажет.

Біз болашаққа батыл әрі ашық көзқараспен қараймыз, біз бақытты әрі лайықты өмір сүруді қалаймыз. Сондықтан, біз алдымызға ауқымды міндеттер қойып отырмыз және белгіленген мақсат – күшті де бәсекеге қабілетті Қазақстан құру мақсатына қарай біртіндеп байыппен жылжитын боламыз.

Білімді ұрпақ – кемел келешек кепілі

Тәуелсіздік алғалы бері елімізде әлемнің небір дамыған мемлекеттерімен қатарлас деңгейде болу үшін көптеген игілікті істер жүзеге асырылып келеді. Дамудың даңғыл жолы таңдалып, басым бағыттарға бетбұрыс жасалуда. Экономикалық өсу, халықтың әл-аухатын жақсартуға қатысты іс-шаралар тоқтаусыз жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлікті дамыту, денсаулық, білім салаларына баса назар аударылуда. Еліміз өркениетті елдердің қатарынан ойып тұрып орын алу үшін осылардың ішінде білім саласының орны ерекше.

XXI ғасыр - білім ғасыры. Тек білімді азаматтарымен ғана еліміздің болашағы жарқын болмақ. Білімді ұрпағы бар мемлекет өзінің даму жолында

қандай да болмасын кедергілерге, тосқауылдарға қарсы тұра алады. Бірақ, ғұлама ойшыл әл-Фараби айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы». Сол себепті Тәуелсіз еліміздің ертеңі – жас буынның біліммен, тағылымды тәрбиемен мейлінше молынан сусындап өскені абзал.

Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең, мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі алға қойылған басты міндет. Білімді жастар – ел болашағы, ал болашақ ұрпақтың білімді болуы үшін ең бастысы - деннің саулығы.

Ертеңгі ел тізгінің ұстар азаматтары – бүгінгі жастар. Балаларымыз салауатты өмір салтын ұстана отырып, білімді де білікті, дені сау ұрпақ болып өсіп-жетілетініне, Қазақстанның Көк Байрағын әлем кеңістігінде талай рет желбірететініне сенімдіміз.

Жас маман: «Болса» дейді «Баспанам»

Яғни пәтер мәселесі. Жастар үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан, негізінен ата-ана табыстары есебінен күн көріп жүрген қоғамдағы жеке тап болып табылады. Дегенмен, ата-ана баласына, әсіресе үйленгеннен кейін жеке пәтер алып бере алмайтыны белгілі. Көп жағдайда ата-ана балаларының талаптарын қанағаттандыруға материалдық тұрғыдан қауқары жетпей қалады. Жастардың қалтасы тесік. Ал, несие алайын десе, тұрақты жұмысы, қомақты табысы болмағандықтан, оларға банктер несие бере қоймайды. Екінші мәселе, амалын тауып несие алған күннің өзінде жастардың аса жоғары үстемемен берілетін несиелерді төлеуді қалталары көтермейді.

Білім-арзан, білу-қымбат

Жоғары білімсіз, кәсіби даярлықсыз табысы жақсы жұмыс табу қиын. Сондықтан, жастардың дені, дәлірек айтқанда, ертеңін ойлағандар мектептен кейін жоғары оқу орындарын жағалайды. Бірақ, грантқа қолы жетпесе, қаржы тапшылығы тағы да қолбайлау болмақ. Өмір жолын енді ғана басталғалы отырған жас қомақты қайдан табады? Осы орайда емтиханнан немесе тестілеуден сүрінбей өткендер ғана оқуды одан әрі жалғастыруға лайық деген пікірдің де сыңаржақ көзқарас екенін мойындауға тура келеді. Болашақта жақсы маман, іскер ұйымдастырушы болып шығу үшін сынақтарды 4 пен 5-ке тапсырып көзге түсу тіптен де міндетті емес. Өйткені, қандай да болмасын тест сұрақтарының адамның бойындағы бүкіл қабілет-мүмкіндіктерін ашып бере алмайтынын екінші біріне белгілі жайт. Керек десеңіз, сынақтардан сүрінбей өтіп, оқуды ойдағыдай аяқтап шыққан кейбіреулердің кейін практикалық жұмысқа келгенде қабілетсіз болып шығып жатуы да бек мүмкін. Бұл жерде емтихан, тест сияқты сынақтардан өте алмаудың салдарынан жоғары білімге, дәлірек айтқанда, дипломға қолдары жетпей қалған жастардың арасында талай-талай іскерлер мен дарындардың болуы мүмкін-ау...

Ойнақтап жүріп, от баспа

Жастардың көңіл көтеретін, уақыт өткізетін орындар іздеуі табиғи жайт. Себебі, бос уақыттарын пайдалы өткізудің амалын таба алмай зеріккен жастардың теріс жолға түсіп кетуі оп-оңай. Нашарқорлық, маскүнемдік, ұрлық, төбелес сияқты қылмыстар да дәл осындай әлеуметтік себептерден, әсершіл, қызбамінез жастардың «екі қолдарын алдарына сыйғыза алмауларынан» туындап жатады...

Өмір түгіл өзімді де білмеймін...

Бұл жерде әңгіме табыс туралы болып отыр. Тіпті, дипломы болған күннің өзінде еңбек өтілі жоқ жас маманның жоғарғы жалақы алатын жұмысқа орналаса қоюы екіталай. Ал, жастар өмірдің барлық қызығын көре жүріп, емін-еркін өмір сүргілері келетіндігі аян. Оның бәрі оңайлықпен іске аса қоятын шаруалар емес. Әсіресе, әркім өз күнін өзі көруі тиіс деген нарықтық заманда бұл проблемалардың шешілуі мейілінше қиын түйінге айналып отыр.

Қазіргі жастар мәдениеті ме?

Қазақ халқы ежелден ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударып, перзентін бесіктен бастап адамгершілік пен имандылыққа баулыған. Сондықтан кешегі ұрпақ қандай қиыншылықты бастан өткерсе де, ана сүтімен, әке өнегесімен бойларына сіңген тәрбие-тәлімін жоғалтқан емес. Ал бүгінгі жастардың мәдениеті қаншалықты жоғары деңгейде екенін зерделеп көрейік.

Қазіргі қазақ жастары қандай?

Қаламызда жастардың көбеюі, әрине, көңілге қуаныш ұялатады. Кемел келешегіміз саналатын ұрпақтың өсіп-өркендеуі – қоғам үшін де маңызы зор құндылықтың бірі. Алайда «біздің болашағымыз» деп мақтана жүретін жастарымыздың мінез-құлқы мен тәрбиесі олардың киген киімі мен ұстанған үлгісіне сәйкеспей жататыны – ащы да болса, шындық. Негізгі нысанаға, алдымен ЖОО мен арнаулы орта оқу орындарында және кәсіптік мектептерде білім алып жатқан студент жастарды алатын болсақ, олардың қатарында ауылдан шыққан қаракөздермен бірге қаланың «гламурный» ұл-қыздары да бар. Ауылдан келген ұяң баланың көрген өнегесі қалалықтарға қарағанда өзгешелеу болатыны да жасырын емес. Дей тұрғанмен, олар да өздерінше «қалалық» болуға тырысып, еліктеушіліктен туындайтын «жасанды қылықтарымен» өзгелердің назарын аударуға тырысады. Бірақ, ондай «жасанды қылықтардың» барлығы бірдей сәтті шыға бермейді. Қазақы қалпын бұзатын кейбір өрескел іс-әрекеттерінің жалпы жастарға деген көзқарасты бұзатынын олар біле ме екен?!

Көшедегі келеңсіз кей көрініс...

Сабақтан бос уақыттарын серуенмен өткізетін кейбір жастардың көшедегі мәдениеттерін олардың қалдырған «қолтаңбаларынан» анық аңғаруға болады. Асфальт бетін айқыш-ұйқыш еткен түкірік, темекі қалдықтары, шағылған шемекінің қабығы мен басқа да көз сүріндірер берекетсіздікке қарап, жастар түсінігінің әлі де болса таяздығына таңдай қақпасқа амалың жоқ! Қаламыздағы сан алуан оқу орындарының маңы да осындай көрініске толы. Темекінің түтінін будақтата сорған жас бозбала мен

бойжеткен өз денсаулығын құртып қана қоймай, өзін білім нәрімен сусындатып отырған білім ұясының айнала тазалығы мен салтанатына нұқсан келтіретінін ойланып та жатпасы анық. Сондай-ақ оқу орындарында жұрт көзінен таса жерде шылым шегетін арнайы орын болса, құба-құп. Тағы бір келеңсіз көріністі айтар болсақ, қазіргі қазақ жігіттері мен қыздарының көшеде құшақтары айқасып тұруы да – ең сорақы мәдениетсіздік. Біздің бұрынғы шынайы сезімге ие болған Қозы мен Баян, Төлеген мен Жібек сынды ғашықтар туралы кинофильмдерді сол бүгінгінің Ромеосы мен Джульеттасы қарай ма екен?! Тағылымды тәрбие алған бозбала бойжеткеннің маңдайынан иіскеуден әріге бармаған.

Жастар - біздің болашағымыз

Жастарға қатысты мәселелерді зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сүйенер болсақ, олардың алдында шешуді қажет ететін көптеген проблемалар бар. Осылардың ішінен бірнешеуі ерекше бөліп аталған.

Олардың біріншісі «Қайда тұрамын?» деген проблема. Мұның, яғни пәтер мәселесінің бірнеше қырлары бар. Біріншіден, жастар барлық уақытта және барлық жерде бірдей қоғамның қамтамасыз етілген бөлігі бола бермейді. Өйткені, олар өмір сүруді енді ғана бастаған, негізінен ата-аналарының табыстары есебінен күн көріп жүрген қоғамдағы жеке тап болып табылады.

Ал ата-ана өмірге деген көзқарастарына немесе материалдық жағдайларына байланысты балаға, үйленгеннен кейін жас отбасына жеке пәтер керек пе деген мәселені үнемі оңтайлы шешіп беріп отыра алмайды. Көптеген жағдайда ата-ананың өз балаларының талаптарын қанағаттандыруға қауқарлары да жетпей жатады. Жастардың өзінде боса-болмаса ақша жоқ. Ал несие алайын десе, бір жағынан тұрақты жұмысы, қомақты табысы болмағандықтан оларға банктер несие бере қоймайды, екінші жағынан, амалын тауып несие алған күннің өзінде жастардың аса жоғары ставкамен берілетін кредиттерді төлеуді қалталары көтермейді.

Екінші проблема «Қайда және қалай оқимын?» деген сауалға келіп тіреледі. Жоғары білімсіз, кәсіби даярлықсыз табысы жақсы жұмыс табу мүмкін емес. Сондықтан жастардың дені, дәлірек айтқанда, өз ертеңі туралы ойланғандары білім алуды мектептен кейін де жалғастыруға тырысады. Бірақ бұл ретте де ақша мәселесі алдан шығады. Өйткені, жоғары оқу орнына тегін түсу үшін тума талант болу керек. Ал ондай ерекшелік екінің бірінің маңдайына жазыла бермеген. Жұрттың бәрі дарынды болып кеткен жағдайдың өзінде гранттардың шектеулілігіне байланысты олардың белгілі бір бөлігіне ақылы түрде оқуға тура келер еді. Өмір жолын енді ғана бастағалы отырған жас ондай қаржыны қайдан табады? Осы орайда емтиханнан немесе тестілеуден сүрінбей өткендер ғана оқуды одан әрі жалғастыруға лайық деген пікірдің де сыңаржақ көзқарас екенін мойындау қажет. Болашақта жақсы маман, іскер ұйымдастырушы болып шығу үшін сынақтарды 4 пен 5-ке тапсырып көзге түсу тіптен де міндетті емес. Өйткені, қандай да болмасын тест сұрақтарының адамның бойындағы бүкіл қабілет-

мүмкіндіктерін ашып бере алмайтыны екінің біріне белгілі жәйт. Керек десеніз, сынақтардан сүрінбей өтіп, оқуды ойдағыдай аяқтап шыққан кейбіреулердің кейін практикалық жұмысқа келгенде мүлде қабілетсіз болып шығып жатуы да әбден мүмкін. Бұл жерде біз емтихан, тест сияқты сынақтардан өте алмаудың салдарынан жоғары білімге, дәлірек айтқанда, дипломға қолдары жетпей қалған жастардың арасында талай-талай іскерлер мен дарындардың болуы мүмкін-ау дегенді айтпақпыз.

Үшінші проблема «Қайда демаламын?» деген мәселе төңірегінде қылаң береді. Жастардың көңіл көтеретін, уақыт өткізетін орындар іздеуі табиғи жәйт. Бұл қай дәуірде де өскелең ұрпақ үшін өте маңызды мәселе болып саналған. Себебі, бос уақыттарын пайдалы өткізудің амалын таба алмай зеріккен жастардың теріс жолға түсіп кетуі оп-оңай. Нашакорлық, маскүнемдік, ұрлық, төбелес сияқты қылмыстар да дәл осындай себептерден, әсершіл, қызба мінез жастардың «екі қолдарын алдарына сыйғыза алмауларынан» туындап жатады.

Төртінші проблема «Қалай өмір сүремін?» деп аталады. Бұл жерде әңгіме табыс туралы болып отыр. Тіпті дипломы болғанның өзінде еңбек өтілі жоқ жас маманның жоғары жалақы алатын жұмысқа орналаса қоюы екіталай. (Мәселен, жақсы жұмысқа шақырғандар кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болғанын талап етеді). Ал жастардың өмірдің барлық қызықтарын көре жүріп емін-еркін өмір сүргілері келетіндігі аян. Оның сыртында қызмет бабында жоғарылау жағын да ойлауы керек. Ал оның бәрі оңайлықпен іске аса қоятын шаруалар емес. Әсіресе, әркім өз күнін өзі көруі тиіс деген қағида белең алып тұрған нарық заманында бұл проблемалардың шешуі мейлінше қиын түйіндерге айналып отыр.

№3 СӨЖ (жазбаша орындалып, ауызша қорғалады)

Тақырыбы: «Туған жерге саяхат».

Жұмыс түрі: тақырып бойынша реферат жазу (ұсынылатын тақырыптар тізімі төменде көрсетілген).

Мақсаты: Оқытушы ұсынған тақырып бойынша ізденіп, жиналған материалдар негізінде реферат жазу дағдысын қалыптастыру.

Қойылатын талаптар:

- ақпарат көздерін пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша материал жинау;

- жоспар құру;

- семестрлік жұмыс стандартқа сәйкес рәсімделуі тиіс.

СӨЖ-ді тапсыруға байланысты қойылатын талаптар:

Студент СӨЖ кестесін қатаң ұстануы қажет. Интернеттен немесе басқа ақпарат көздерінен алынған материалдарға сілтеме көрсетілуі тиіс. СӨЖ белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда жұмыстың бағасы әрбір кеш тапсырылған күн үшін бір балға төмендетіліп отырады және оны қабылдау емтиханға бір күн қалғанда тоқтатылады. СӨЖ -ді уақытылы өткізу кестесін студент қатаң ұстануы қажет.

СӨЖ-ді рәсімдеу үлгісін әр оқытушы өз тобына ұсынады.

Жұмыстың мерзімі: кесте бойынша.

Реферат – ғылыми еңбекке, кітапқа жекелеген мәселе (проблема) бойынша әдебиеттеріне міндетті түрде шолу жасалған немесе жан-жақты талдау жасалған жазбаша жұмыс.

Рефератқа қойылатын талаптар

1) Рефераттың көлемі (бастауыш, 3-5 бет) жалғастырушы деңгей бойынша талап етілетін көлем 5-8 беттен аспауы тиіс.

2) Жұмыс барысында құрған жоспары бойынша студент өз ойын сілтемелер арқылы бере отырып, жүйелі түрде жазып шығуы қажет.

3) Титулдық бетінде реферат тақырыбының аты, орындалған жері көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ орындаған және тексерген адамдардың аты-жөні жазылатын орын қалдырылуы керек.

4) 1-бетінде рефераттың жоспары тұруы керек.

5) Соңғы бетінде пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілуі тиіс. Пайдаланылған материалдар 3 дереккөзінен кем болмауы қажет.

Рефератты тексеру барысында материалдың мазмұны, стильдік сауаттылығы ескеріледі.

Рефераттың тақырыптары:

- 1) Туған жерім – Қазақстан
- 2) Астана – асқақ арман
- 3) Менің Қазақстанымды әлем таниды
- 4) Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан
- 5) Туған өлкем – мақтанышым
- 6) Туған жер – алтын бесік
- 7) Көкшетау жері – ежелгі бабалар қонысы
- 8) Сыр бойы – тұнған шежіре
- 9) Ауылымның болашағы
- 10) Туған жердің ауасы да шипа
- 11) Туған қалам жүрегімде
- 12) Астана – Елордам
- 13) Туған жердің қадірін, шетте жүрсең білерсің
- 14) Мен өз елім үшін не істер едім?
- 15) Туған өлке тарихына саяхат
- 16) Мұнайлы ел
- 17) Туған жердің түтіні де тәтті
- 18) Жер жәннаты Жетісу
- 19) Емдік қасиеті мол Алакөл

- 20) Көрген көзді таңқалдырар Балқаш
- 21) Шырайлы Шымкен өңірі
- 22) Арканың кербез сұлу Көкшетауы

- 23) Арқаның асыл алқасы - Баянауыл
- 24) Марқакөл – Табиғат –Ананың сыйы
- 25) Атыңнан айналайын Қарқаралы
- 26) Қазақстанның көрікті жерлері(Көкшетау, Алматы, т.б.)
- 27) Қазақстанның тарихи орындары(Түркістан, Отырар, Ақмешіт, т.б.)
- 28) Тарихы терең Талдықорған
- 29) Қанатын жайған – Қарағанды
- 30) Ақтөбе – Батыс аймақтың бас қаласы
- 31) Өскемен – өскен елім
- 32) Ақжайығым – атамекенім
- 33) Тараз – қазақ мәдениетінің алтын бесігі

Әдебиеттер тізімі

1. Жас қазақ газеті, №3(55) 27 қаңтар 2006
2. Т.Ю. Лямзина Жанр эссе (К проблеме формирования теории) интернеттен.
3. Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы: Санат, 2002.
4. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: Іс қағаздарын жүргізу. Оқу құралы (екінші басылым). – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты»ЖШС, 2011. – 400бет.
5. bilimsite@yandex.kz

Мазмұны

1	Алғы сөз.....	3
2	СӨЖ тапсырмалары және СӨЖ-ді орындауға қойылатын талаптар	4
3	Эссе үлгілері.....	5
4	№2 СӨЖ.....	7
5	Жастар – қоғамның айнасы.....	7
6	Еліміздегі жастар саясаты және жастарды әлеуметтендіру жолдары	8
7	Жастардың жайы ойлантады.....	9
8	ҚР жастарының құндылықтары.....	10
9	Жастар және ғаламтор.....	11
10	Жастар - мемлекеттің негізгі тірегі.....	12
11	Жастар және тәрбие құндылықтары.....	13
12	Жастар құқығын қорғайтын кім?.....	14
13	Болашақ және жастар.....	15
14	Салауатты жастар – салауатты қоғам.....	16
15	Білімді жас - ел ертеңі.....	17
16	Жастар – ел болашағы.....	18
17	Қазақ жастары және патриотизм.....	18
18	Елбасы және жастар.....	19
19	«Жастар практикасы» - тиімді бағдарлама.....	20
20	«KAZENERGY» Білім беру Бағдарламасы.....	21
21	«Біздің елдің жастары бақытты!».....	22
22	Жастары білімді елдің ғана болашағы жарқын.....	23
23	Халық байлығы - ұрпақ саулығы.....	23
24	ӘЛ-ФАРАБИ шәкіртақысы жастарды ынталандыруы тиіс.....	24
25	Тәрбие ісінде ұлттық құндылықтарды пайдалану.....	25
26	Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ.....	26
27	Болашақ біздің қолымызда.....	27
28	Білімді ұрпақ – кемел келешек кепілі.....	28
29	Қазіргі жастар мәдениетті ме?.....	30
30	Жастар - біздің болашағымыз.....	31
31	№3 СӨЖ.....	32
32	Реферат тақырыптары.....	33
	Әдебиеттер тізімі.....	36

Гүлмира Сатыбалдықызы Әлмұхаметова
Эльмира Тұрсынқызы Ахметова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

барлық бағыттағы студенттерге арналған өздік тапсырмалар топтамасы

Редактор Б.С. Қасымжанова
Стандарттау бойынша маман Н. Қ. Молдабекова

Басуға қол қойылды ____ . ____ . ____ .
Таралымы 50 дана.
Көлемі 2,3 оқу-басп.т.

Пішімі 60x84 1/16
№1 типографиялық қағаз
Тапсырыс ____ . Бағасы 1150

±

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынов көшесі, 126